# 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы N 1354 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Мыналардың:

222, 223, 224, 225, 226, 227, 228, 229, 230, 231, 232, 233, 234, 235, 236, 237, 238, 239, 240, 241, 242, 243, 244, 245, 246, 247, 248, 249, 250, 251, 252, 253, 254, 255, 256, 257, 258 , 259, 260-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламаларының паспорттары бекітілсін.

2. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына 222-ҚОСЫМША

*Ескерту. 222-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N 509 қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету" деген 001 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 567552 мың теңге (бес жүз алпыс жеті миллион бес жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі Заңының 10-бабы , "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі Заңы ; "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7

маусымдағы Заңының 8 , 12, 21, 27, 30, 35-баптары ; "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңының 3 , 21-24 баптары ; " Мемлекеттік қызметшілерді даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін көтеруді одан әрі жетілдіру жөніндегі іс-шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 қыркүйектегі N 4075 Жарлығы ; "Мемлекеттік аппараттың жұмысын жақсарту, төрешілдікке қарсы күрес және құжат айналымын қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 31 шілдедегі N 427 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасының ұлттық ақпараттық инфрақұрылымын құрудың және дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 16 наурыздағы N 573 Жарлығы ; " Қазақстан Республикасы органдарының Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің мемлекеттік бюджеті мен сметасы есебінен (бюджет) қаржыландырылатын қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1284 Жарлығы ; Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 1449 Жарлығы ; "Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестациялау туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 қыркүйектегі N 1305 қаулысы ; "Білім беру қызметін лицензиялаудың Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 18 сәуірдегі N 596 қаулысы ; Қазақстан Республикасында "электрондық үкімет" қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы N 1471 Жарлығы ; "Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 5 қазандағы N 1501 қаулысы ; "Мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарды аккредитациядан өткізудің Ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 30 сәуірдегі N 421 қаулысы ; "Ғылыми ұйымдарды аттестаттау туралы" Ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 мамырдағы N 460 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға аралық аттестаттауды енгізу туралы"; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: жүктелген міндеттерді барынша тиімді орындауға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым

министрлігі орталық аппаратының қызметін қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары оқу орнынан кейінгі, кәсіптік жоғары және орта білім беру қызметін лицензиялауды, оқулық әдебиетін басып шығару бөлігіндегі міндеттерін іске асыру; өзінің лауазымдық міндеттерін орындау үшін біліктілік талаптарына сәйкес кәсіптік қызмет саласында білім бағдарламалары бойынша теориялық және практикалық білім мен дағдыларды жаңарту және кәсіптік шеберлікті жетілдіру; мұғалімдер арасында олардың профессионалдық шеберлігін арттыру мәселесінде республикалық олимпиадалар мен конкурстарды ұйымдастыру және өткізу ; ғылыми ұйымдардың негізгі қызметінің тиімділігін айқындау, материалдық, еңбек және қаржы ресурстарын тиімді пайдалану; жүктелген міндеттерді барынша тиімді пайдалануға қол жеткізу үшін министрліктің материалдық-техникалық базасын нығайту; ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру; министрліктің білім беру ұйымдарын аттестаттау, сондай-ақ білім алушыларды аралық мемлекеттік бақылау рәсімін өткізу бөлігінің міндетін орындауды қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің аппаратын қаржыландыру, мемлекеттік қызметшілердің кәсіптік біліктілігін арттыру; лицензиялар беру және білім және ғылым ұйымдарының біліктілік талаптарын сақтауын қадағалау; оқулық әдебиетін басып шығару қызметін лицензиялау; Республикалық комиссиялардың білім ұйымдарын лицензиялау жөніндегі жұмысын қамтамасыз ету; ғылыми ұйымдарды аттестаттаудан өткізу; Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің ақпараттық жүйелері мен локальдық міндеттерін сүйемелдеу, есептеу, және ұйымдастыру, ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру бойынша аттестаттау құжаттарын қарау, сондай-ақ белгіленген мемлекеттік үлгідегі құжаттар беру; білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттау және білім алушыларды аралық мемлекеттік бақылаудан өткізу нысанындағы білім беру сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; мұғалімдер арасында олардың профессионалдық шеберлігін арттыру мәселесінде республикалық олимпиадалар мен конкурстар өткізуді қамтамасыз ету.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 001 | | Білім және ғылым саласындағы уәкілетті органның қызметін қамтамасыз ету | | | |
| 2 | | 001 | Орталық органның аппараты | 297 Бірлік санындағы штаттық кестеге сәйкес Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің орталық аппаратын қаржыландыру. 10 бірлік санындағы қызметтік автокөлікті бекітілген нормативтік тәртіпке сәйкес ұстау, жалға алу. 11 дана ксерокс, 4 дана факс аппаратын жөндеу және техникалық қызмет көрсету. Білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті тексеру мақсатында білім ұйымдары орналасқан жерлерге барып сараптама өткізу үшін комиссиялар құру, лицензиялау, аттестаттау, аккредитациялау жөніндегі іс жүргізуді қамтамасыз егу (мемлекеттік лицензиялар | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

мен қосымшалардың бланкаларын жасап шығару - 200 дана). Мұғалімдер арасында Республикалық олимпиадалар мен конкурстар өткізу - 6; 40 білім беру ұйымында, 30 ғылыми ұйымында, 30 ғылыми ұйымдарда мемлекеттік аттестациялау өткізу және мемлекеттік аттестация рәсімін өткізу үшін аттестациялық комиссияның шығындарын қаржыландыру. 12 мемлекеттік емес ғылыми ұйымдарда аккредитациялау өткізу. Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдық мерекесі жоспарының шараларын орындау.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 3 | 007 | Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру | Министрлік қызметшілерінің біліктілігін арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес министрлік орталық аппараты қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі қызмет көрсетулерін сатып алу, оның ішінде мемлекеттік тілді үйрету. Біліктілікті | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | көтеру курсынан өтетін мемлекеттік қызметшілердің жылдық орташа саны - 97 адам. | | |
| 4 | 009 | Мемлекеттік органдарды материалдық-техникалық жарақтандыру | Ксерокстер сатып алу - 2 дана, аппараттың арнаулы бөлімі үшін жиһаз сатып алу. Кешенді офистік жиһаздар: қосымшалары және сегменттері бар столдар - 11 дана, компьютерге арналған столдар - 30 дана, киім ілетін шкаф - 25 дана; құжаттарға арналған шкаф - 35 дана, нумератор - 1 дана, жиналыс өткізуге арналған столдар - 5 дана, орындықтар - 40 дана, сейф - 1 дана, темір шкаф - 2 дана, шағын АТС - 1 дана, телефон аппараттары - 12 дана сатып алу. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |
| 5 | 017 | Ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету және мемлекеттік органдарды ақпараттық-техникалық қамтамасыз | Орталық аппараттың есептеу техникасы құралдарына техникалық қызмет көрсету: 228 дана компьютер, 128 дана принтер, 24 дана сканер. Интернетке, 4 дана серверге және 1 дана файлдық серверге әкімшілік ету. Орта- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

| | |
|---|---|
| ету | лық аппараттың "Managment of Education" электрондық құжат айналымын алып жүру; Локальды есептер жүйесін алып жүру-бухгалтерлік есеп, жалақы. Министрліктің және орталық аппараттың WEB-сайтын алып жүру; Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінге білім беру үшін "ЖОО" білім беруді ақпараттық басқару жүйесін алып жүру; Жалпы орта білім беру ұйымдары үшін "АСЕЖ" білім беруді басқару ақпараттық жүйесін алып жүру; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің электрондық оқу басылымдары қорын алып жүру. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің қаржы орталығы үшін "Мемлекеттік студенттік кредиттер алған студенттерді есепке алу және қозғалысын бақылаудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін" алып |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жүру; Есептеу техникасы құралдарына жүйелі қызмет көрсету; Телекоммуникациялық байланыс қызметтері (деректерді табыстау провайдер қызметтері және Интернет жүйесіне қол жеткізуді беру жөніндегі қызметтер) Есептеу техникасын, соның ішінде 77 дана компьютер, 15 дана принтер сатып алу; Шығыс материалдарды сатып алу; | | |
| 6 | 100 | Ғылыми кадрларды аттестациялау | Бірыңғай талаптарға сәйкес ғылыми және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерге ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру жөніндегі аттестаттау істерін ұйымдастыру әрі қарау. Мемлекет атынан 1820 дана дипломдар мен аттестаттарды ресімдеуді және тапсыруды жүзеге асыру. | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті |
| 7 | 101 | Білім беру ұйымдарын | Білім алу ұйымдарын мемлекеттік аттес- | Жыл бойы | Қазақстан Республи- |

| | | |
|---|---|---|
| мемлекеттік аттестаттау және аралық аттестаттау жүргізу кезінде білім алушыларды тестілеуді ұйымдастыру | таттау кезінде студенттердің кешенді тестілеуін ұйымдастыру. Білім беру ұйымдарында кешенді тестілеу негізінде оқитындарды аралық мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру. | касының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы қадағалау және аттестаттау комитеті Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігіне жүктелген қызметтерді сапалы әрі уақытылы орындау; жоғары, кәсіптік орта, жоғары білімді кадрларды даярлау; қазіргі экономикалық жағдайларға және мемлекеттік ресурстық мүмкіндіктеріне сәйкес мемлекеттік қызметкерлердің кәсіптік деңгейін көтеру; министрлік аппараты жұмысының тиімділігін арттыру; ғылыми дәрежелер мен ғылыми атақтар беру және дипломдар, аттестаттар беру мәселелері бойынша Білім және ғылым саласын бақылау және аттестаттау комитетімен қабылданған кесімді шешімдерді мемлекет атынан қабылдау; Аэроғарыш саласында мемлекеттік саясатты жүргізу.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2004 жылғы 22 желтоқсандағы 13544 қаулысына
223-ҚОСЫМША

*Ескерту. 223-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер" деген 002 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 6461352 мың теңге (алты миллиард төрт жүз алпыс бір миллион үш жүз елу екі мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудің шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды және ғылыми-техникалық бағдарламаларды жоспарлау мен қаржыландыруды жетілдіру шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 22 қаңтардағы N 61 қаулысы ; "Республикалық бюджет есебінен орындалатын қолданбалы ғылыми зерттеу бағдарламаларын құрудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 23 ақпандағы N 145 қаулысы ; "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003-2004 жылдарға арналған іс-қимылдар бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 қыркүйек N 903 қаулысы ; "Қазақстан Республикасында 2001-2005 жылдарға арналған биотехнологиялық өнімдер өндіруді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және ұйымдастыру республикалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 26 маусымдағы N 871 қаулысы ; "2002-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында фармацевтік өнеркәсіпті дамыту үшін төлтума фитопрепараттар өндіру және өндіріске енгізу" Республикалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 24 шілдедегі N 996 қаулысы ; "Мемлекеттік ғылыми техникалық сараптама ұйымдастыру және өткізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 желтоқсандағы N 1385 қаулысы ; "2003-2005 жылдарға арналған инновациялық өндірістерді ғылыми-техникалық қамтамасыз ету мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 18 наурыздағы N 263 қаулысы ; "Микроорганизмдердің

республикалық коллекциясы туралы" 2002 жылғы 30 шілдедегі N 850 қаулысы ; "2004-2006 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі үшін өсімдіктер мен жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларын қоздырушылардың мониторингін және генетикалық картасын жасауды ғылыми-техникалық қамтамасыз ету" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 ақпандағы N 135 қаулысы ; "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Табиғат және қоғам дамуының негізгі заңдылықтары туралы жаңа білімдерге қол жеткізу, ғылымды көп қажет ететін технологиялардың теориялық негіздерін әзірлеу, экономиканың базалық салаларының қажеттіктерін ғылыми-техникалық қамтамасыз ету, ғылымды көп қажет ететін жаңа өндірістер ұйымдастыру үшін игілікті жағдайлар жасау, ғылыми-техникалық және басқа да салаларда "зерттеу-әзірлеу-кадрлар даярлау-өнеркәсіптік игеру" бірыңғай ғылыми-техникалық циклына көшуге ықпал ететін инновациялық қызметті дамыту.

Материалдық-техникалық базаны нығайту және ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру .

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. Отандық экономиканың бәсекелестік қабілетін арттыру, өндірістің ғылымды көп қажет ететін салаларын тұрақты дамыту үшін жағдайлар жасау; еліміздің экспортқа бағытталған өнеркәсіптік кешенін қалыптастыру мақсатымен ғылымның және отандық жаңа технологиялардың жетістіктерін іске асыру.

Қажетті жабдықтар мен приборлар, реактивтер, қосалқы бөлшектер сатып алуда бірінші кезектегі қажеттіктерді қанағаттандыру; ғылыми ұйымдарды қазіргі жабдықтармен, приборлармен және есептеу техникасымен жарақтандыру; қазіргі жоғары өнімді жабдықтар мен ақпараттық технологияларды пайдалану негізінде ғылыми зерттеулердің деңгейін арттыру, деректердің электрондық каталогтары мен проблемалық базаларын жасау. Ғылыми ұйымдардың ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізу .

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама. коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
| --- | --- | --- | --- | --- | --- | --- |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 002 | Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер | | | |
| 2 | | 100 | Іргелі ғылыми зерттеулер | 21 басым бағыттар бойынша іргелі ғылыми зерттеулер жүргізу. Жобалық-сметалық құжаттама мен мемлекеттік сараптама қорытындысына сәйкес ғылыми ұйымдардың ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес іргелі ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын ғылыми ұйымдарды қаржыландыру. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі |
| 3 | | 101 | Қолданбалы ғылыми зерттеулер | Қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізу. "Қазақстан Республикасындағы 2005-2007 жылдарға арналған ғарыштық қызметті дамыту" мемлекеттік бағдарламасын және 5 Республикалық мақсаттық ғылыми-техникалық бағдарламасын | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі |

іске асыру. Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес қолданбалы ғылыми зерттеулерді жүзеге асырушы ғылыми ұйымдарды қаржыландыру.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 4 | 102 | Ғылыми-техникалық сараптама | Ғылыми-техникалық бағдарламалар мен жобалар бойынша ғылыми-техникалық сараптама жүргізу; Бағдарламалар мен жобалар бойынша есептердің аралық және қорытынды сараптамасын өткізу. | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі |
| 5 | 103 | Ғылым қоры арқылы бастамалық және тәуекелдік ғылыми зерттеулерді жүргізу | Ғылым қоры арқылы гранттар бойынша бастамашыл және тәуекел ғылыми зерттеулер жүргізу | жыл бойы | Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі |

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижелерін іске асыру. Табиғи және әлеуметтік жүйелер туралы бүтіндей жаңа білім алу, экономиканы жүйелі қайта құрудың, қоғамды, мәдениетті, ғылымды тұрақты дамытудың ғылыми негіздерін әзірлеу; ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің жалпы ғылыми-технологиялық кеңістігі мен ғылыми еңбектің әлемдік бөлінісі шеңберінде қазақстандық ғылымның айқындамасын нығайту; экспорттық және импорттың орнын толтыратын өнімдерді көбейтуге және ғылымды көп қажет ететін өндірістерді дамытуға септігін тигізетін өтемді әзірлеулер жасау және енгізу; синтетикалық және табиғи тума медициналық бірегей препараттар өндіру; ауылшаруашылық дақылдарының жоғары өнімді тұқымын тездетіп жасау әдістерін

әзірлеу.

Жабдықтар сатып алу ғылыми ұйымдардың ағымдағы міндеттерді сапалы әрі мезгілінде орындауына мүмкіндік береді және олардың өңдейтін ақпаратының шапшаңдығын арттырады.

Ғылыми ұйымдардың ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу ғылыми қызметкерлердің жұмыс жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
1354 қаулысына
224-ҚОСЫМША

*Ескерту. 224-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау" деген 003 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 5291 мың теңге (бес миллион екі жүз тоқсан бір мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 33-бабы ; " Академик Қ.И.Сәтбаевты мәңгі есте қалдыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 332 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Мұражай қорлары мен мұрағаттарда жатқан көрнекті ғалым, Қазақстан ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметі туралы ілім-білімді білімдік-тәрбиеліκпен және мақсаткерлікпен таратуды жүзеге асыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен қызметіне байланысты материалдар мен құжаттарды іздестіру, зерттеу, әйгілеу және пайдалану; академик Қ.И.Сәтбаевтың өмірі мен ғылыми қызметі туралы монографияларды, мақалаларды, каталогтар мен жолжазбаларды баспаға дайындау; мұражайлық мәні бар заттарды жинау мақсатымен тарихи-тұрмыстық, этнографиялық экспедициялар, ғылыми іс сапарлар ұйымдастыру және өткізу; мұрағаттық заттардың сақталуын қамтамасыз ету; мұражайлық мәні бар заттарды консервациялау және жаңарту.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 003 | | Ғылыми-мәдени құндылықтарды сақтау | Академик Қ.И.Сәт-баевтың мемориалдық мұражайын бекітілген міндеттерін атқару үшін құрамы 18 адам-нан тұратын штаттық лимит саны шегінде қамтамасыз ету. Құрал жабдықтарды сатып алу: компьютер - 1 дана; ксерокс - 1 дана; телевизор бейнемагнитофонымен - 1 дана; шкаф-купе - 3 дана; файл-каби-нет - 3 дана; сейф - 1 дана; локерлер - 3 дана; столдар - 2 дана. | жыл бойы | Қазақстан Республи-касының Білім және ғылым ми-нистрлігі, академик Қ.И.Сәт-баевтың мемориал-дық мұражайы |

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Өскелең ұрпақтың ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың қызметіне және тұтас алғанда Қазақстан ғылымына деген танымдық қызығушылығын дамыту; ғылым Академиясының тұңғыш Президенті Қ.И.Сәтбаевтың өмірін, ғылыми және қоғамдық қызметін насихаттау арқылы өз өмірін Қазақстанның ғылымы мен техникасын дамытуға арнағысы келетін жастардың санын көбейту, олардың Отанға деген патриоттығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу, өскелең ұрпақтың дүниетанымын кеңейту .

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
13544 қаулысына
225-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ғылыми объектілерді салу және қайта жаңарту" деген 005 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 126638 мың теңге (бір жүз жиырма алты миллион алты жүз отыз сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 26-бабы , "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2005-2007 жылдарға арналған орта мерзімді жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 31 тамыздағы N 917 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: мемлекеттік инфрақұрылымды дамыту және бірегей ғылыми-техникалық нысандарды сақтау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: "Орталық ғылыми кітапхана" РМҚК-ның ғимараттар кешенін қайта жаңғыртуды жүргізу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 005 | | Ғылыми объектілерді салу және қайта жаңарту | Белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және |

"Орталық ғылыми кітапхана" РМҚК ғимараттар кешенін қайта жаңғыртуға арналған "2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 1289 қаулысына 2-қосымшаға сәйкес, оның ішінде жобалық-сметалық құжаттама әзірлеуге және мемлекеттік сараптама өткізуге жұмсалатын қаржы шегінде инвестициялық жобаны іске асыру. | ғылым министрлігі

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Мемлекеттік сараптамадан өткен, белгіленген тәртіппен бекітілген жобалық-сметалық құжаттама. " Орталық ғылыми кітапхана" РМҚК ғимараттар кешенін қайта жаңғырту жөніндегі жұмыстар көлемін орындау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 13544 қаулысына
226-ҚОСЫМША

*Ескерту. 226-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету"**

**деген 006 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 320948 мың теңге (үш жүз жиырма миллион тоғыз жүз қырық сегіз мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 24 желтоқсандағы Заңының 14, 23, 33-баптары ; "Ғылым туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4 , 5 , 26-баптары ; "ҚазССР Ғылым академиясының Ғалымдар үйін ұйымдастыру туралы" ҚазССР Ғылым академиясы Президиумының 1983 жылғы 14 қыркүйектегі N 149 қаулысы; "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты .

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: Республика ғылыми қауымының республикалық ақпараттық кеңістікке қолжетімділігін қамтамасыз ету, ақпараттық қызметті жандандыру, отандық ғылымның жетістіктері туралы ақпаратты насихаттау; Қазақстан ғылыми қауымдастығының ақпараттық инфрақұрылымын дамыту; ақпараттық қызмет көрсетулердің жаңа деңгейін ұсыну; Орталық Ұлттық кітапхана базасында кітапхананың электрондық ресурстарына (электрондық каталогтарға, фактографиялық деректер базаларына, толық мәтіндер мен бейнелердің электрондық коллекцияларына) бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ететін электрондық кітапхана әзірлеу және енгізу; сирек, құнды кітаптардың, қолжазбалардың, газеттер мен журналдардың, қазіргі ғылыми және техникалық мерзімдік басылымдардың және басқа да құжаттардың сақталуы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін дербес электрондық коллекцияларды жоспарлау, әзірлеу және қалыптастыру; ғылым мен техника саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді көрсететін жарияланған және жарияланбаған құжаттар қорының Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасына бекітілген түрлері мен тақырыптары бойынша қалыптастыру жолымен Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық қызметке нақты енгізуге ықпал жасау; ғалымдардың үздік жетістіктерінің ақпараттық қызмет аясын күшейту; ғалымдардың белсенді әрі мазмұнды демалысын ұйымдастыру; ұлттық педагогикалық қазына ретіндегі Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананы пайдаланушы көпшілік қауым алдында бар мүмкіндікті ашуға жағдай жасау, педагогика мен білім беру жөніндегі құжаттардың ұлттық қорын одан әрі барынша толық қалыптастыру, ақпараттық қызметті жандандыру, әлемдік ақпараттық кеңістікке ену, білім беру жүйесінің кітапханалары үшін әдістемелік және үйлестіру орталығының міндетін

атқару, жаңа технологияларды енгізуді қамтамасыз ету және кітапхананы техникалық жарақтандыруды жүзеге асыру. Республикалық ғылыми-техникалық кітапханаға бекітілген ғылым мен техника саласындағы отандық және әлемдік жетістіктерді көрсететін жарияланбаған құжаттар қорын түрлері мен тақырыптары бойынша құрастыру жолымен Қазақстан Республикасының ғылыми-техникалық дамуын ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін практикалық қызметке енгізуге жәрдемдесу; ғалымдардың аса үздік жетістіктерінің ақпараттық қызмет аясын күшейту.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан экономикасының даму перспективалары мен кітапхана оқырмандарының ағымдағы ақпараттық сұраныстарын ескере отырып комплектілеуді, қормен жұмыс істеуді, анықтамалық-іздестіру аппаратын ұйымдастыру арқылы ғылыми-техникалық ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету. Ғылымның жаңа жетістіктерін, қазақстандық ғалымдардың ашқан жаңалықтарын насихаттау проблемаларына арналған шаралар кешенін ұйымдастыру, олардың мәдени деңгейі мен мазмұнды демалысын жақсарту үшін әр қырлы шаралар өткізуге арналған іс-шаралар жиынтығын ұйымдастыру.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баг. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 006 | | Ғылыми, ғылыми-техникалық және ғылыми-педагогикалық ақпараттың қол жетімділігін қамтамасыз ету | Республикалық ғылыми-техникалық, Орталық ғылыми кітапханалар оқырмандарының ағымдық сұраныстарын және Қазақстан экономикасының даму перспективаларын ескере отырып, комплектілеуді ұйымдастыру және қормен анықтамалық-іздестіру аппаратымен жұмыс | жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

істеу арқылы ғылыми-техникалық ақпараттық қолжетімділігін қамтамасыз ету.

Республикалық ғылыми-техникалық кітапханасы үшін негізгі құралдар сатып алу: ксерокс - 2 дана; компьютерлер - 13 дана; принтерлер - 4 дана.

Орталық ғылыми кітапхана үшін негізгі құралдар сатып алу: компьютерлер - 10 дана; сканерлер - 2 дана; принтерлер - 5 дана; ксерокстар - 3 дана; микрофильмдер мен микрофиш оқуға арналған аппараттар.

| | |
|---|---|
| Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапхананы алға қойған міндеттерді орындау үшін 37 адамдық штаттық | Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханасы |

лимит саны шегінде қамтамасыз ету.

Республикалық ғылыми-педагогикалық кітапханаға әдебиеттер үшін: әдебиет (жазылыс басылымдары).

Ғылыми конференцияларды, симпозиумдарды, семинарларды

ақпараттық және техникалық орналастыру. 2005 жылы ғылым мен техниканы насихаттау жөніндегі іс-шаралардың саны - 120.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Оқырмандар сұраныстарын неғұрлым толық, өзектілікпен, заманға лайық және шыншылдықпен қанағаттандыру. Ғылыми-зерттеу ұйымдарының, ғалымдар мен мамандардың өздерін қызықтыратын ғылым салаларының әлемдік ғылыми жетістіктері туралы көкейкесті әрі жедел ақпаратқа деген сұраныстарын барынша қанағаттандыру. Электрондық кітапхананың үлгісі мен құрылымын әзірлеу әрі енгізу; электрондық коллекциялар мен қорларды құру және толықтыру; жиынтық ақпараттық ресурстар жасау; серверлер мен Интернет-комплекске ұжымдық ену үшін кітапхана жұмысын қолдау; on line режимінде ғылыми ақпаратқа жол ашу; ақпараттық бюллетендер, анықтамалар, ғылыми журналдар басып шығару; ғылыми конференцияларды, симпозиумдарды, семинарларды ақпараттық және техникалық орайластыру. Оқу кітапханасы жүйесінің жұмыс деңгейін көтеруге ықпал ететін семинарлар ұйымдастыру; мамандық жетілдіру жөніндегі орталық облыстық институттар базасында ведомствоға қарасты кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін арттыратын курстар, дәрістер, практикалық сабақтар, әңгімелер ұйымдастыру; Қазақстан Республикасының Кітапхана Ассоциациясы желісі бойынша жоғары кітапханалық курстар ұйымдастыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
227-ҚОСЫМША

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар" деген 007 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 75350 мың теңге (жетпіс бес миллион үш жүз елу мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895

Жарлығы ; "Қазақстан Республикасында ғылымды мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 2895 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 11 наурыздағы N 290 қаулысы ; "Ғылым мен техниканы дамытуға аса зор үлес қосқан ғалымдар мен мамандарды және дарынды жас ғалымдарды мемлекеттік қолдау шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 28 тамыздағы N 1063 қаулысы ; "Ғылым саласындағы сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 мамырдағы N 685 қаулысы ; "Қазақстан Республикасындағы ғылым, техника және білім беру саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 желтоқсандағы N 477 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: отандық ғылым мен техниканы дамытуға ірі үлес қосқан аса көрнекті, сондай-ақ дарынды жас ғалымдарды әлеуметтік қолдау, жас ғалымдардың ғылыми-техникалық шығармашылығын ынталандыру.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: ғылым, техника және білім саласындағы жетістіктері үшін стипендиялар және мемлекеттік сыйлықтар төлеу.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші баған. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 007 | | Мемлекеттік сыйлықтар және стипендиялар | Мынадай конкурстар өткізу: - ғылым саласындағы сыйлықтар үшін; - мемлекеттік ғылыми стипендиялар үшін; - ғылым, техника және білім беру саласындағы мемлекеттік сыйлықтар үшін. | жыл бойы | Қазақстан Республи- касының Білім және ғылым ми- нистрлігі |

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларына сәйкес сыйақылар төлеу. Академиялық және басқа да ғылыми стипендиялар төлеу. Лауреаттарды марапаттауды ұйымдастыру, дипломдар мен құрметті белгілер тапсыру.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: Әр түрлі салаларда ғылымның дамуын қамтамасыз ететін ғылым мен техниканың басым бағыттары бойынша ғылыми жаңа нәтижелер алу, ғылыми-техникалық саланың қызметкерлерін мемлекеттік қолдау шараларын жүзеге асыру, ғылымға дарынды жастарды тарту мақсатымен ғылыми еңбекті ынталандыру.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
228-ҚОСЫМША

*Ескерту. 228-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін әзірлеу және тәжірибеден өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және жеткізу" деген 008 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 532000 мың теңге (бес жүз отыз екі миллион теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 4 , 18, 20, 30-баптары

, "Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық қолдау арқылы түзету туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабы , "Шет елде тұратын отандастарды мемлекеттік қолдау бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 3308 Жарлығы , "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы , "Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және басып шығару мақсатты бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1173 қаулысы , "Қазақстан Республикасында бастауыш және орта кәсіптік білімді одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 15 мамырдағы N 721 қаулысы , "Қазақстан Республикасының кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта білім беру ұйымдары үшін арнаулы пәндер бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендерін әзірлеу және басып шығару бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 29 наурыздағы N 409 қаулысы , "Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілерін оқулықтармен қамтамасыз етудің Ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 ақпандағы N 173 қаулысы , " Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: білім стандарттарының талаптарына сәйкес 12 жылдық оқу бойынша сапалы оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу және қамтамасыз ету, оқу процесіне жаңа буын оқулықтарын енгізу, арнаулы пәндер бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу және басып шығару саласында біртұтас саясатты айқындау және олармен бастауыш және орта кәсіптік білім жүйесін қамтамасыз ету, арнаулы түзету білім беру мекемелерін оқулықтармен және оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: оқу әдебиеттерін басуды қамтамасыз ету және қайта басып шығару және тасымалдау, арнаулы білім беру мекемелері үшін оқу әдебиеттерін әзірлеу, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аудару, көру кемістігі бар балаларға арналған ірі баспа қаріпімен басылған оқулықтарды қайта басып шығару, көрмейтін балалар үшін Брайль қарпімен оқулықтар басып шығару, Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес Ресей оқулықтарын бейімдеу. Ресей оқу әдебиеттерін алу. Мамандықтар классификациясына сәйкес бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндері бойынша оқулықтар мен

оқу-әдістемелік кешендер мен электрондық оқулықтар жасау және сынақ таралымын басып шығару. Оқу әдебиеті мен электрондық оқулықтарды сараптау мен сынақтан өткізу. 12 жылдық оқу бойынша оқулықтар, бағдарламалар мен стандарттарды жасау, сапасын анықтау және сынақ тиражын басып шығару мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптаудан өткізу. Республикалық білім беру ұйымдары мен шет елдегі қазақ диаспорасы үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басу, қайта басып шығару және тасымалдау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағдарлама коды | Кіші бағдарлама коды | Кіші бағдарламалардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 008 | | Білім беру ұйымдары үшін оқулықтар мен оқу әдістемелік кешендерін әзірлеу және тәжірибеден өткізу, білім беру саласында қызмет көрсететін республикалық ұйымдар және шетелдегі қазақ диаспорасы үшін оқу әдебиетін шығару және жеткізу | Арнаулы (түзету) білім беру мекемелері үшін оқу әдебиеттерін басу және қайта басып шығару, әзірлеу, тасымалдау, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді аудару, көру кемістігі бар балаларға арналған ірі баспа қаріпімен басылған оқулықтарды қайта басып шығару, көрмейтін балалар үшін Брайль қарпімен оқулықтар басып шығару, Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес Ресей оқулықтарын бейімдеу. Ресей оқу әдебиетте- | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі |

рін алу. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру ұйымдарының арнайы пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері мен электрондық оқулықтар жасау және сынақ таралымын басып шығару. Оқу әдебиеті мен электрондық оқулықтарды сараптау мен сынақтан өткізу. 12 жылдық оқу бойынша, соның ішінде мектепалды және оқудың бастауыш сатысы бойынша оқу әдебиеттер, бағдарламалар мен стандарттарды жасау және сынақ басылымын шығару. Республикалық білім беру ұйымдары мен шет елдегі қазақ диаспорасы үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді басып шығару және тасымалдау.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: бағдарламаны іске асыру нәтижесінде арнаулы (түзету) мекемелері оқулықтар мен оқу-әдістемелік материалдармен қамтамасыз етіледі, білім беру саласында қызмет көрсетуші республикалық ұйымдар мен шет елдегі қазақ диаспорасы үшін оқулықтар басып шығарылады және жеткізіліп беріледі, мамандықтар классификациясына сәйкес бастауыш және орта кәсіптік білім беру үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендері

, сондай-ақ электрондық оқулықтар әзірленеді және сынақ таралымы басып шығарылады, 12 жылдық оқыту бойынша, сондай-ақ мектепалды және оқудың бастауыш сатысы бойынша стандарттар мен бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер, оқу-әдістемелік құралдар әзірленеді және сынақ таралымдары басылып шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2004 жылғы 22 желтоқсандағы
13544 қаулысына
229-ҚОСЫМША

*Ескерту. 229-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу" деген 009 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

1. Құны: 1357403 мың теңге (бір миллиард үш жүз елу жеті миллион төрт жүз үш мың теңге).

2. Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі: Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджеттік кодексі , "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңының 24, 36, 37-баптары , " Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы N 1459 Жарлығы , "Дарынды балаларға арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3002 өкімі , "Білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгілік штаттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылға 4 қарашадағы N 1168 қаулысы , "Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы N 1111 қаулысы , "Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005 -2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2005-2007 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 11 қарашадағы N 1180 қаулысы .

3. Бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру көздері: республикалық бюджеттің қаражаты.

4. Бюджеттік бағдарламаның мақсаты: дарынды балалардың оқу процесін жүргізуге жағдайлар жасау, оқуға және өз бетінше білім алуға тұрақты дағдылануын дамыту,

қоршаған ортаға гумандық көзқарасты, жеке адамның адамгершілік негіздерін қалыптастыру, бүгінгі өркениеттің түбегейлі жаңару жағдайында ойлау мен іс-әрекетке қабілетті жан-жақты үйлесімді дамыған адамды тәрбиелеу, дарынды балалар мен жастарды әлеуметтік, құқықтық және парасаттық жағынан қорғау, парасаттық мүмкіндікті қалыптастыруға ықпал жасау.

5. Бюджеттік бағдарламаның міндеттері: Қазақстан Республикасының әр түрлі аймақтарынан келген дарынды балаларды оқыту. Оқушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен бағдарламалар бойынша бейімдік пәндер арқылы тереңдете даярлау. Адамның жеке бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және азаматтыққа тәрбиелеу. Дарынды балаларды табуға қажетті жағдайлар жасау. Оқушыларды олимпиадаларға, жоғары оқу орындарына түсуге іріктеу және даярлау.

6. Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары.

| N п/п | Бағ. дар. лама коды | Кіші бағ. дар. лама коды | Кіші бағдарлама. лардың атауы | Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар | Іске асыру мерзімі | Жауапты орындау. шылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 1 | 009 | | Дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу | Оқу процесін бейімдік пәндерді тереңдете оқытатын Мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарына сәйкес өткізу. Мемлекеттік мекемелерді бекітілген штат сандарының лимиттері шегінде ұстау. Мемлекеттік мекемелердегі оқушылардың орташа саны - 3603. Басты құралдар алу: спорт жабдықтары - 1 дана, жиһаз - 4 комплект, калашников | Жыл бойы | Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Кеңес Одағының Батыры Сабыр |

| | |
|---|---|
| автоматы - 50 дана, химия ыдыстары - 15 дана. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттар мен Мемлекеттік сараптамаға сәйкес күрделі жөндеуден өткізу. | Рахимов атындағы Республикалық Шымкент әскери мектеп-интернаты |
| Басты құралдар алу: автомобиль - 1 дана, кондиционер - 1 дана. | Республикалық Қарағанды әскери мектеп-интернаты |
| Басты құралдар алу: медициналық кабинетке жабдық - 6 дана, физика кабинетіне - 1 комплект, спорт тренажерлары - 4 дана, жылу өлшеу приборы - 6 дана. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттар мен Мемлекеттік сараптамаға сәйкес күрделі жөндеуден өткізу. | Б. Момышұлы атындағы Республикалық Алматы әскери мектеп-интернаты |
| Басты құралдар алу: музыкалық аспаптар - 24 дана, медициналық кабинетке жабдық - 1 комплект, спорт-сауықтыру кешені үшін жабдықтар - 1 комплект, кондиционер - 2 дана, жиһаз - 10 комплект, ком- | А. Жұбанов атындағы дарынды балаларға арналған республикалық қазақ орта мамандандырылған |

| | |
|---|---|
| пьютер - 2 дана. | музыка мектеп-интернаты |
| Басты құралдар алу: асүй жабдықтары - 3 дана, компьютерлер - 40 дана, физика кабинеті үшін жабдық - 3 комплект, ағылшын тілі кабинеті үшін лингафондық жабдық - 2 комплект, көшірме аппараты - 1 дана, автомобиль- 1 дана, автобус 1 дана, жүк машинасы - 2 дана. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттар мен Мемлекеттік сараптамаға сәйкес күрделі жөндеуден өткізу. | О. Жәутіков атындағы респуб-ликалық мамандан-дырылған дарынды балаларға арналған физика-математика орта мектеп-интернаты |
| Басты құралдар алу: компьютерлік класс (15+1) - 1 комплект, автомобиль - 1 дана, спорт тауарлары - 4 дана, кітапхана комплектісі - 1 дана, синтезатор - 1 дана, зертхана үшін шкаф - 1 дана, физика каби-неті үшін жабдық - 1 дана. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттар мен Мемлекеттік са-раптамаға сәйкес | Респуб-ликалық мамандан-дырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебие-тін тереңдете оқы-татын орта мектеп-интернаты |

күрделі жөндеуден өткізу.

Басты құралдар алу: микроавтобус - 1 дана, музыкалық аспаптар - 34 дана, асүй жабдығы - 2 дана, офис жиһазы - 1 комплект, стеллаждар - 2 дана, сейф - 1 дана, креслолар - 1 комплект. Бекітілген жобалық-сметалық құжаттар мен Мемлекеттік сараптамаға сәйкес Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты күрделі жөндеуден өткізу.

Мемлекеттік кәсіпорындардағы оқушылардың орташа жылдық саны - 743.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген сатып алынатын жабдықтар тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі "Балдәурен" республикалық балалар сауықтыру орталығына және "Бөбек" республикалық балалар сауықтыру орталығына басты құралдар алуға күрделі трансферттер. "Балдәурен" республикалық балалар

сауықтыру орталығына жобалық-сметалық құжаттамамен және Мемлекеттік сараптамаға сәйкес бекітілген күрделі жөндеу өткізуге күрделі трансферттер.

---

7. Бюджеттік бағдарламаны орындаудан күтілетін нәтижелер: терең әрі берік білімі бар, шымыр әрі шыныққан және Қазақстан Республикасының мүддесін қорғауға қабілетті жастарды даярлау және қалыптастыру. Оқушылардың өзінше бейімділігін, шығармашылық қабілетін дамыту және оларды азаматтыққа тәрбиелеу. Оқушыларды республикалық олимпиадаларға, конкурстарға, жарыстарға, жоғары оқу орындарына түсуге даярлау.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 желтоқсандағы 1354 қаулысына
230-ҚОСЫМША

*Ескерту. 230-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.05.25. N* 509 *қаулысымен.*

225 - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Бюджеттік бағдарламаның әкімшісі

**2005 жылға арналған "Республикалық мектеп олимпиадаларын, конкурстарды, республикалық маңызы бар мектептен тыс іс-шараларды өткізу" деген 010 республикалық бюджеттік бағдарламаның ПАСПОРТЫ**

